

11 КОЛЛЕКЦИЯ

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.

1958



Комсомолза-  
40 жыл!



ПИОНЕР

№ 10 ОКТЯБРЬ 1958  
АЛМАТЫ

# ЕКІ ЖАҢА ЗНАЧОК

## ЖҰЛДЫЗША

Қызыл жұлдыз! Бұл сендерге жақсы таныс, балалар! Оны сендер сан рет өз көздеріңмен көрдіңдер. Елімізде бақытты заман орнатқан қызыл әскерлер өздерінің бас киімдерінің маңдайына осы қызыл жұлдызды тақты. Бұл жұлдызды сендер қызыл тулардан да көрдіңдер. Көк аспанда қалқи ұшқан алып құсты — самолетті көрсендер, оның да белгісі осы жұлдыз. Бұл — совет самолетінің белгісі.

Егіс даласында егін оратын комбайндардың да маңдайында жұлдыз болады. Бұл комбайн — озат комбайн, ол басқалардан егінді мол орады.

Отан қорғауда, еңбек майданында ерлік істері үшін ордендермен наградталған адамдар аз емес. Олардың кеуделеріне таққан ордендерінде де қызыл жұлдыз жарқырап тұрады. Совет Одағының Батыры, Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақтардың да белгісі — алтын қызыл жұлдыз.

Отанымыздың астанасы Москваға бара қалсаң,



Кремль мұнараларының маңдайынан жарқыраған жұлдыз көресің.

Мінекей, жұлдыздың қасиеті осындай. Ол қадірлі.

Апа өз баласынан ештеңе аямайды, ардақтап, аялап өсіреді. Коммунистік партия мен Совет үкіметі де бар тәуірді, бар жақсыны балаларға арнайды.

Октябрияттар — мектеп семьясындағы балалардың ең кішісі, ең кенжесі. Сондықтан да, оның значогы әдемі жұлдызша. ВЛКСМ Орталық Комитеті октябрияттар үшін осы значокті бекітті. Оның тармақтары ашық қызыл қошқыл түспен жарқырап тұрады.

Дәл ортасындағы шеңбердің ақ эмалінде Владимир Ильичтің үш жасар кездегі суреті бар.

Бұл жұлдызшаны октябрияттар сол жақ омырауына тағады. Ол значок октябриятка пионер жиынында салтанатпен тапсырылады.

Жас балғындар! Өзіңнің жұлдызшанды қадірлеп, құрметтей біл!

## ВЛКСМ



Енді, мына екінші значокқа, ВЛКСМ деген жазуы бар значокқа қараңдар. Бұл комсомол ағаларыңның тағатын значогі. Келешекте, пионер сатысынан өткен соң, сендер де тағасындар. Мұны да ВЛКСМ Орталық Комитеті жақында бекітті.

Бұл значок ағаш сабынан оң жаққа қарай желбіреп тұрған қы-

зыл тудың бейнесіне ұқсайды. Туда Владимир Ильич Лениннің бедер суреті және «ВЛКСМ» деген алтын жазу сонадайдан көз тартып, жарқырап тұр.

Бұл значок комсомолға өткен жас жігіттер мен қыздарға, комсомол билетімен қоса, салтанатты түрде тапсырылады. Комсомол мүшесі оны сол жақ омырауына тағады.

## ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

Жалау әртүрлі. Оның үлкені де, кішісі де болады. Ал, мынау — кішкентайларға, октябрияттарға арналған кішкентай қызыл жалау. Бұл жалау октябрияттар тобына беріледі.

Жалау қызыл түсті. Оның ұзындығы 60 сантиметр болса, көлденеңі 40 сантиметр. Жиегі алтын шашақпен көмкерілген. Оның ортасында алтын түсті жұлдыз жарқырап көрінеді. Жұлдыздың диаметрі 18 сантиметр. Жалау кішкентай таяқшаға байланады.

Октябрияттар өздерінің бұл жалауын жорыққа, саяхатқа шыққанда, жиынға мерекеге барған кездерінде ұстап шығады. Октябрияттар тобындағылар жалауды алма кезек алып жүреді.





# ПИОНЕР

№ 10

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

ОКтябрь

1958 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл

Сырбай Мәуленов.

## ЛЕНИН КОМСОМОЛЫ

Келер ұрпақ тұрып тыңдар,  
Тарихы бар бұл өмірде.  
Қырық жыл түгіл, қырық мың жылдар  
Қызуы бар жүрегінде.

Алтын оттай жер жүзінде  
Қызыл жұлдыз — барша жолы.  
Көктем, гүл, күн бір өзінде  
Лениннің комсомолы.

Жалау етіп жастық шақты,  
Көкпен тартып күн қызуын.  
Жарқыратып жасыл бақты  
Нұрына орап жұлдызының.

Алған талай қамалдарын,  
Жазып жаңа кітаптарға.  
Жастық желпіп жалауларын  
Барады жас ұрпақтарға.

Өссе талдар, жанса шамдар,  
Желпісе гүл дүниені —  
Ол қалың қол — комсомолдар —  
Коммунизм иелері.

Қараңғыда жанды күндей,  
Көрді дауыл қаншама олар.  
Лениндей — мәңгі өмірдей,  
Барады алға комсомолдар!





# МӘНГІ ЖАСТЫҚ

Жастықтың аты қай уақытта да жастық. Ол жалынды, албырт, ақ жарқын, қайратты келеді. Оның жүрген жері — ойын-күлкі, ән мен күй, қауырт қимыл. Сондықтан да, халық «Жас келсе — іске» деп тегін айтпаса керек. Өлең-жырда оны қара тасқа салса қайтпайтын ақ семсердің жүзіне теңеуі де соған жастық шақтың күш-жалынына орап айтылған. Ата-ана жас бөбегінің ержетуін арман етсе де, егде адам «Жиырма бес, қайта айналып келмес саған» деп, заманы өткен жігіт шағын сағынса да — бәрі де жастықтың қадір-қызығының молдығынан болса керек.

Ал, Комсомол ше? Ол жастыққа жаңа мән, өшпес нұр, талмас қанат, қажымас қайрат берді. Жастықты жалғыз-жалғыз жеке адамның жігіт шағы деген ұғымнан бүкілхалықтық дәрежеге көтерді, ұйымдасқан ұлы күшке айналдырды. Біздің жастардың ком-

сомолдық жастық шағы — өлмес жастық, мәңгілік жастық. Ал біз орнатқан бақытты өмір — Социалистік заман, Ұлы Октябрь жеңістері болып, тарихпен, халықпен бірге жасайды. Коммунизм сарайының төріне бірге шығады. Мен комсомол жастыққа жаңа мән, өшпес нұр, талмас қанат, қажымас қайрат берді дегенде, осыны айтқым келіп еді.

Сондықтан да, мен кешегі комсомол түлектерінің бірі, миллиондаған замандастарымның атынан:

Ендеше кәрілікті айта алмаймыз,  
Комсомол қартаймайды-қартаймаймыз.  
Бір жасап коммунистік ұрпақтармен,  
Өсеміз, жасарамыз әр таңда біз.  
Сүйсініп сол келешек жастар жанын,  
Айтамыз күрес, еңбек дастандарын  
Айтамыз дарқан жастық, өлмес жастық.  
Біз өскен комсомолдан басталғанын, —

дегім келеді зор мақтанышпен.




## КОМСОМОЛ ШЕЖІРЕСІНЕН

Комсомол! Даңқты комсомол! Ол, қазір — 40-та. Оның өткен жолдары, оның ұлы істері сендерге зор өнеге, балалар! Егер, сен бүгін октябрат болсаң, пионер болуды, пионер болсаң, комсомол болуды, сөзсіз арман етесің. Ленин комсомолының мүшесі болудан артық құрметті не бар!! Ол сендердің алдағы ой-арман, игі мақсаттарың. Сондықтан, комсомолдың даңқты істерін біліп ал, содан үлгі-өнеге ал, жас пионер!

Комсомолдың 40 жылдағы бар істерін айтып тауыса алмайсың. Біз соның кейбіреуін ғана сендердің естеріңе сапалаймыз. Ең алдымен, сен өз туған республикаңның комсомол өмірін, даңқты комсомол қайраткерлерін жақсы біл!

Ұлы Коммунистік партияның басшылығымен, Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы құрылды. Соның артынша еліміздің барлық түкпірінде, оның ішінде Қазақстанда да комсомол ұйымдары мен ұялары құрыла бастады.





Я, бақытты жастық, өлмес жастық. Біздің Ленин Комсомолынан басталды. Өйткені, комсомол азаматтық пен шын бақыттың туған күні — сонау Ұлы Октябрь Революциясы жеңісі күндеріне жалғаса, 1918 жылы туса, солай дегенде не дерсің! Сол комсомолдың ең алғашқы адымы халық бақыты үшін күрестен, Октябрь жеңісін қорғау жолында ұлы ерліктен басталса, өлмес жастық содан басталды дегенде не дерсің?

Міне, сондықтан да, біз Коммунистік партиямыздың жауынгер қолқанаты, халқымыздың қаһарман перзенті Комсомолдың — Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының 40 жылдығын жастықтың жарқын мерекесі деп білеміз, оны зор қуанышпен тойлаймыз.

Коммунистік партиямыз баулып түлеткен бес орденді комсомол жолы — даңқты күрестер мен ерліктерге толы жол.

✓ Екіншіден, комсомолдың тарихын, халық алдындағы, Отан алдындағы ұлы еңбегін білу үшін тек қана кітапқа үңілу шарт емес. Ең асыл, ең ұғымды, ең шешен, ең

үлкен кітап, барлық тарихтың алтын беті — біздің өз өміріміз, Советтік Отан — анамыздың өмірі. Біздің жас буындар, мектеп балалары кітаппен бірге осы ұлы өмірге үңілуіміз керек. Бір кезде ең артта қалған еліміз Коммунистік партиямыздың дана басшылығымен енді дүние жүзіндегі ең озат, ең күшті елге айналып, аспан әлеміне жердің тұңғыш серігін бірінші болып ұшырса, соның бәрінде де біздің Ленин комсомолының орасан зор еңбегі бар.

Совет халқының сүйікті жазушысы Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романын кәзіргі мектеп балаларының қайсысы оқымады! Оның бас қаһарманы Павка Корчагинді кім білмейді, кім сүймейді! Бақытты жастық шақ үшін күресіп, өлмес жастықты бастаған алғашқы комсомолецтерге — сол Корчагиндерге бәріміз қарыздармыз. Олар жас Совет мемлекетін ішкі-тысқы жаулардан қорғауда болсын, жаңа Социалистік өмір орнатуда болсын, Коммунистермен бірге ұлы күрестің ең алдыңғы сапында болды. Комсомолдың сон-

1918 жылдың аяқ шені, Жәнікешов, Жақыпов, Ізбасаров, Айтмұхаметов сияқты большевиктердің басшылығымен тұңғыш рет Орда қаласында комсомол ұясы құрылды. Соның артынша Таловка, Жаңақала, Жәнібек сияқты Қазақстанның басқа да қалаларында алғашқы комсомол ұялары құрыла бастады.

1919 жыл. Күз айы. Ақтөбенің қалалық партия ұйымының басшылығымен, екі жерде комсомол ұясы құрылды. Оның бірі қаланың өзінде, екіншісі Ақтөбе станциясында құрылды.

Осы жылдың декабрь айында, 3-Түркстан атқыштар дивизиясының бастамасымен Жаркент қаласында комсомол ұясы құрылды.

1930 жыл. 30 ноябрь. Қазіргі республикамыздың сәулетті астанасы Алматы (бұрынғы Верный) қаласында комсомол ұйымы пайда болды.

Ал, 1919 жылдың аяқ шені, 1920 жылдың бас кездерінде Қостанай, Павлодар, Өскемен, Гурьев, тағы басқа қалаларда комсомолдың алғашқы ұялары құрылып, іске кірісті.

1921 жыл. 13 июль. Орынбор қаласында Қазақстан Комсомолының 1-съезі шақырылды. Оған 194 делегат қатысты. Оның 97-і шешуші





дай жалынды жаршыларының, өрен түлектерінің бірі — қазақ халқының перзенті, Советтік Шығыс жастарының алғашқы басшыларының бірі Ғани Мұратбаев еді. Біз комсомолдың даңқты 40 жылдығына оның ардагерлерін алғыс сезіммен еске алып, олардың өшпес ісі мен өнегесі алдында бас иеміз.

Немесе советтік бесжылдықтардың алғашқы перзенттері болып саналатын Днепр ГЭС-і, Магнитогорск, Амурдегі Комсомольск, Балхаш, Турксиб сияқты ұлы құрылыстардың батырларын қалай еске алмасың! Отанымыздың бүгінгі байлығын, бүгінгі қуатын көргенде, біз сол жылдарға көз жібереміз, аштық пен жалаңаштықты басынан кешіріп, суыққа тоңып, ыстыққа күйген батырлардың жанқиярлық еңбегіне, коммунизм ісіне шексіз махаббатына сүйсінеміз. Ол батырлар — коммунистер мен комсомолецтер еді.

Комсомол ауыл-селоны колхоздастыру күресінде де алғы сапта болды. Бұл күрестің кейбір кездерін мен де көрдім. Сонда-

ғы комсомолецтердің ерлік істері әлі көз алдымда. Қандай жауапты жұмыс тірелмесін, халық алдымен «Қане, комсомол, таныт тағы да өзінді!» — деуші еді. Комсомол таныта да білді. Ол бай-кулактарды да әшкереледі, алғашқы тракторды да жүргізді, сауат ашу мектебін де ұйымдастырысты, балаларды оқуға да тартысты... Сондықтан да, біздер, бөбектер, комсомол қатарына өтуге жасымыз жеткенше асығушы едік. Өзіміз туралы халық аузынан: «Бәрекелді, болсаң комсомолдай бол!» деген сөзді естуді ен үлкен арман тұтатынбыз. Ал, ауылдағы бүкіл жаңалық пен жақсылық жаршысы комсомолецтерге мұндай алғыс сөздер өте жиі айтылатын. Өз замандастарым секілді мен де, кейін, комсомол қатарында болған жылдарымды өмірімнің ұмытылмас жарқын кезеңдерінің бірі деп білемін, үнемі мақтан ете жүремін.

Халық пен Коммунистік партияның сүйіктісі — комсомол ұлы Отан сенімін қай кезеңде де аброймен ақтай білді. Соның ішінде, кешегі гитлершіл басқыншыларға қарсы



дауыспен, 97-і кеңесші дауыспен қатынасты. Съездің қортындысында Қырғыз (Қазақ) өлкелік комсомол ұйымы құрылды.

1922 жыл, 30 июль. Қазақстан комсомолының II съезі ашылды. Съезге дейін комсомол қатарында 6989 адам болды.

1920 жылдың орта шені. Қазақстанда көп жерде уездік, губерниялық комсомол ұйымдары қызу жұмысқа кірісуге айналды. РКСМ III съезінен кейін олардың ісі біржола жандана бастады. 3-съезде Владимир Ильич Ленин «Жастар одақтарының міндеттері» туралы тарихи сөз сөйледі.

Қазақстан мен Орта Азия жастарының революциялық қозғалыстарына ұйтқы болған адамның бірі — Ғани Мұратбаев. Ол Түркстан Коммунистік Жастар Одағының Орталық Комитетінің бас секретары, кейіннен КИМ-нің (Жастардың Коммунистік Интернационалының) Шығыс бөлімін меңгеруші болып қызмет істеді.

В. И. Лениннің комсомолдың III съезінде сөйлеген тарихи сөзін қазақшаға тұңғыш рет аударып, оны қазақ жастарына таныстырған адам тағы да Ғани Мұратбаев болды.

1924 жыл. Коммунистік партия, Совет үкіметі және бүкіл еліміз





күрес жылдары комсомол тарихында, бүкіл совет жастарының тарихында өз алдына бір белес. Адамзатты фашистік құлдықтан құтқарып қалған совет халқының Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігі — тарихта теңдесі жоқ ерлік болса, біздің жас ұрпақ өздерін сол ерлік істердің биік шыңында көрсете білді. Олег Кошевой, Зоя Космодемьянская, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Александр Матросов секілді жүздеген мың комсомол түлектерінің, бүкіл совет жастарының майдан мен тылдағы қаһармандық істері елімізді батырлар елі, жеңімпаздар елі атандырды.

Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтаған совет халқы бейбіт, жасампаз еңбекке кіріскенде, комсомол тағы да жеңін сыбанып, құрылыстар құшағына енді. Бүгінде біз оның жалғас ерліктерінің куәсіміз. Сталинград, Куйбышев, Ертіс су электр станцияларын салуда болсын, жаңа қалалар мен жаңа каналдар орнатуда болсын, Отанымыздың бейбіт еңбектегі ұлы ерліктерінің бірінен саналатын ұлан-байтақ тың жерлерді иге-

руде болсын, халық пен партия тағы да «Кәне, комсомол!» дегенде, совет жастарының іркілген кезі жоқ. Біз, мысалы, Қазақстанның тың жерлері мен жаңа құрылыстарына Отанымыздың барлық республикаларынан комсомол жолдамасымен қаншама жүздеген мың жастар келгенін де, олардың керемет ерлік істерін де жақсы білеміз.

Талай ғасыр ұйқы құшағында жатқан Қазақстанның, Сибирьдің тың өлкелері ұйқысынан оянды. Ел билемей, жел билеген жерлерге жастықтың жаңа көші келіп қоныстанды. Бұл далалалардың топырағында мәңгі солмас өмір гүлі шешек атты. Алтын астық жайқалды. Меңіреу даланың бойына нұр жүгірді. Кеште де, ерте де ауаны тілгілеген трактор үні еңбек күйін шертіп, жар салды. Елсіз өлкелерге жаңа совхоздар орналасты. Бой түзеген теректер мен қайыңдар жапырақ жайды. Мұның бәрі де от пен дауылдан жаралған комсомол жастардың қажырлы еңбегінің жемісі еді. Осындай жігерге толы еңбегі үшін комсомолды үкіметіміз тағы да Ленин орденімен наградтады.

үлкен қайғыны бастан кешірді. В. И. Ленин қаза болды. Лениннің ұлы істерін алға алып бару үшін комсомол қатарына таңдаулы жастар лек-легімен келіп кіре бастады. Қазақстанда 1924 жылдың январынан 1 июліне дейін 3790 адам комсомолға өтті.

1924 жыл. Июль айы. Комсомолдың бүкілодақтық VI съезінде комсомолды ұлы Лениннің есімімен атау туралы қарар қабылданды. Оны бүкіл еліміздің жастары қызу қуаттады.

1924 жыл, 26 июль. Жалпы Қырғызстандық (Жалпы Қазақстандық) өлкелік комсомол конференциясы шақырылды.

1924 жылдың 1 июлінде Қазақстан комсомолының қатарында 14908 адам болды.

1920 жыл. «Авангард Красного Востока» газеті шықты.

1922 жыл. Қазақстан өлкелік комсомол ұйымы «Юная правда» газетін, ал 1923 және 1924 жылдары «Комсомолец», «Комсомолец наготове», «Жас қайрат» газеттерін және «Жас қазақ» журналын шығарып тұрды.

Комсомол ұйымдарының басшылығымен Қазақстанда пионер ұйымдары да құрылып, жұмысқа кірісті.







Сақылдаған сары аязда да, көктемнің тынымсыз нөсерінде де, күн айналып жерге түсетін шілденің ыстығында да, күздің сұмандаған суық желінде де жүрегі жалынға толы жастар аянбай еңбек етті. Туған халықтың сүйіктісіне айналды. Ақын қаламын тербейтін жыр болды, халықпен, туысқан партиямен бір болды.

Өмірдің рахатын жемісті еңбектерінен тапты. Коммунизм орнату жолындағы ерлік істері жер жүзі жастарына үлгі болды.

Лениншіл жастар өз бақытын осылай тапты. Адал еңбек шыңға шығарды. Өмір өріне жетеледі. Бүгінгіден нұрлы ертеңгі күннің шоқтығына асыққан жас өмір таңғажайып қуатымен әлемді таңдандырды.

Міне, біздің совет жастары, оның алдыңғы қатарлы айбынды отряды — Ленин комсомолы осындай!


Біз комсомол туралы айтқанда, оның ерліктерін ғана емес, өзге тамаша еңбектерін де еске аламыз. Ол оның жас ұрпақтарды тәрбиелеудегі ұстаздық ісі. Совет жастары-

ның ерліктерінің, бүкіл жақсы қасиеттерінің қайнар көзі де — сол коммунистік тәрбиеде. Бұл істе комсомол партияның ең сенімді көмекшісі болып келеді. Жас буындарды білімге, өнерге, еңбекке баулу, барлық қиындықтарды жеңе білетіндей етіп шынықтыру, өз Отанымыздың шексіз патриоты етіп өсіру комсомолға жүктелсе, ол бұл сенімді де айта қаларлықтай ақтап келеді. Сондықтан да, ол совет балаларының ең жақын досы, қамқоршы ағасы, өмірдегі өнегесі. Сондықтан да, бүгінгі пионерлердің арманы келешекте сол комсомол атағына лайық болу.

Ұлы Ленин партиясының басшылығымен комсомол туы астында түлеген совет жастары еліміздегі коммунизм құрылысшыларының, бейбітшілік үшін күрескерлердің алдыңғы қатарында келеді.

— Мереке құтты болсын, мәңгілік жастық! Кәне, комсомол, қарыштап алға баса бер!

**Жұбан Молдағалиев.**



1924 жылы Қазақстан пионер ұйымының 2679 мүшесі болды, оның 75,6 проценті жұмысшының, 6,6 проценті шаруаның, 17,8 проценті қызметшінің балалары еді.

Комсомол ұйымдарының басшылығымен жер-жерде жекелеген пионер отрядтары жетім балалардың тізімдерін алып, оларға көмектер көрсетті. Кейбір пионер отрядтары Қара теңіз флоты теңізшілерімен хат алысып тұрды. Олар флотқа арнап қаржы жинап берді.

Ал, Урал губерниясының жас пионерлер отряды атақты қолбасшы С. М. Буденныймен хат алысты. Олар өз ұйымдарын Буденныйдың есімімен атады. Бұл пионер отрядына арнап жазған Буденныйдың хаты да бар.

«Қымбатты жас жолдастар! — делінген бұл хатта, — шаруа газеті маған сіздердің жазған хаттарыңызды жіберді, онда сіздер өз отрядтарыңыздың менің есіміммен аталғанын хабарлапсыздар. Сонау алыстағы Оралда жатқан, жас жолдастар, сіздердің де Бірінші атты әскер армиясының дақты батырларының ізімен келе жатқандарыңызға қуаныштымын. Сіздердің оқуда, жұмыста толық табысқа же-



## Олар жазда абройлы еңбек етті

Мектеп оқушыларының өз бригадасын ұйымдастыру өткен оқу жылының бас кезінен-ақ ауызға алынып жүрді. Бірақ, оқу жылының аяқталуына әлі де 7—8 ай уақыт болғандықтан ұзын арқау, кең тұсауға салынып, білек сыбанып кірісіп кеткен ешкім бола қойған жоқ. Ал, оқу жылының үш ширегі аяқталғаннан кейін мектеп комсомол ұйымының секретары Надя Бессонова, оқу ісін меңгеруші Василий Иванович Шумилинмен тағы да бір мәртебе әңгімелесіп еді, Василий Иванович:

— Ие, енді кешеуілдетуге болмайды, дереу іске кірісу қажет,— деп өз ойын кесіп айтты.

Ендігі мәселе — бригада құрамын сайлау. Оқушылардың өндірістік бригадасы құрылады, ол Марьевка совхозының бақшасын күту міндетін атқарады дегенді естіген оқушылардың көбі-ақ өздерін сырттай бригада мүшелеріміз деп ойлап қойған. Түскен өтініш саны 85-ке жетті. Өзі алғашқы жыл ғана ұйымдастырылғалы отырған тәжірибесі жоқ бригадаға шамалы ғана жұмыс берілмек болған. Капуста мен қияр 5 гектардан, шалқан мен пияз 1 гектардан, сәбіз бен қызылша, екеуі қосылып, 1 гектар, 2 гектар қауын және 25 гектар қарбыздың



тұқымын сеуіп, күтіп өсіру қажет еді. Ендеше осы жұмыс көлеміне қарай бригада құрамын да шақтау жөн. Мектеп дирекциясы мен оқушылар ақылдаса келіп, бригаданы 25 адамнан құруға уәделесті. Оған мүшелікке оқуы, тәртібі, қоғам жұмыстарына қатысуы жағынан болсын үздік оқушылар алынуға тиіс.

Бұған қоса, бригада мүшелері жиналыста келісілген күйінше алына салған жоқ. Олардың әрқайсысының қолына аудандық комсомол комитетінің жолдамасы берілді. Ал, совхоз директорының оларды совхозға мүше етіп алғандығы туралы бұйрығы шықты. Сол жиылыс үстінде 10-класс оқушысы Женя Викторов бригадирлікке сайланды. Сөйтіп, бригада ұйымдасты.

гүлеріңізге тілектестік білдіре отырып, буржуазияға қарсы болашақ ұрыстарда қызыл әскерлердің орнын сіздердің сөзсіз басатындарыңызға көздеріңіздің жететінін мен білемін.

С. Буденный.»

1941 және 1945 жылдары. Ұлы Отанымыз неміс басқыншыларына қарсы қырғын соғысты бастан кешірді. Мұнда комсомол түлектері Отан үшін ерлікпен ұрыс жүргізді. Ұлы Отан соғысы жылдарында гитлершіл басқыншыларға қарсы ерлікпен күрескені үшін ондаған мың қазақстандықтар Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. Қазақстандық 330 адамға, оның ішінде 91 қазаққа Совет Одағының Батыры атағы берілді. Мұндай құрметті атаққа ие болғандардың ішінен Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Нарсутбай Есболатов сияқты көптеген комсомолецтер мен жастардың есімдерін сендер жақсы білесіңдер. Отан үшін ерлікпен қаза болған батыр комсомолецтердің даңқы мәңгі өшпесін!

Республика комсомол ұйымдары тың және тыңайған жерлерді игеруде орасан зор роль атқарды.



## БАҒАНАТЫ БОЙЫНДА

Аудан орталығы Марьевкадан 12 километрдей шамасы Бағанаты өзені көлденеңдеп өтеді. Ерке Есілдің саласы саналатын бұл кішірек өзен бойының табиғаты да Есілден кем емес. Биік құлама жар. Қалың бұйра көк тал. Қармақ салып балық аулайсың ба, ыстықта суға шомыласың ба, қысқасы, бәрі де сай. Міне, осы өзен бойында совхоздың Бағанаты бөлімшесінде бақша мен огород алқаптары бар. Оқушылар бригадасы осы жерде еңбек етіп жүр. Өзеннің иіріле келген бір әсем тұсында төрт шатыр тұр. Үлкен де биік қақпа жасалынып, «Хош келдіңіздер!» «Марьевка орта мектебі оқушыларының өндірістік бригадасы» деген сөздер жазылған алқызыл мата осы қақпаға кере тартылған. Футбол, волейбол алаңдары бар. Өзен иірімінен байлама жасалып, қайықпен сайрандайтын мүмкіндік те туғызылыпты. Ұзынша стол үстінде газет, журналдар, шахмат, дойбы қойылыпты. Бір бұрышта жұтынып сырнай да тұр. Ал, тыста төрт аяғы серейіп бильярд тақтасы көз қызықтырады. Хор, драма үйірмелерінің жабдыктары да жетерлік.

### БРИГАДА АИНАСЫ ЖӘНЕ ВИКТОРДЫҢ ҰЯЛҒАНЫ

Ұйымдастыру жиналысында оқушылар көп-көп пікір айтқан. Солардың бірі боп 9-класта оқитын Бибанов Кеңес сөз алғанда:

— Бригада деп аталған соң, кәдімгі бригада болсын. Басқадай дайындықтармен бірге өзіміздің қабырға газетімізді де шығарып тұруымыз керек, — деп түйген болатын.

Бұған «жоқ» деуші табыла қоймады, түгелдей қостады. Сол арада газеттің аты жөнінде де келісім болды. «Еңбек үшін» деп аталуды бәрі де жөн көрді. Оны «ұлы суретші» Кеңес пен оның кластас досы Витя Шимуринге тапсырған еді.

Кеңес пен Витя осы бригада «айнасын» құлпыртып жіберді. Бақша мен огородты суаратын жалпы ұзындығы 2 километр 300 метрлік арықты ешқандай техниканың көмегісіз оқушылар өз қолдарымен қазып еді, ол газет бетінде жарқ етті. Көзге түскен озаттар да атаусыз қалдырылған жоқ. 9-класс оқушылары, еңбек озаттары Лидия Кугуч, Виктор Казачухненко, Файка Лисвиненко, Тамара Терехина жөнінде жазылған очеркті журналистер де сүйсіне оқыр еді. Егер газетті өздері шығармаса бұл озаттар қатарына Кеңес пен Витя өздерін де қосатын еді, бірақ оған «қызмет лауазымдары» бөгесін болды.

Бригадада «Еңбек үшіннің» көмекшісі «Тікен» де өз орнын алған болатын. Галя Денисованың қаламы қай жерде кемістік бар, немесе кім өз бойын күтінбей салдырса салақ жүреді — найзаша түйрейді де салады.

Виктор Губаркев айтулы салақтың өзі еді. Өз бойына күнті жетпейтін. Бірде «жұмысшылар» қос басына оралғанда, «Тікеннің» кезекті санын жапырлай оқи бастады. Каперінде түк жоқ Губаркев та бар іштерінде. Бет-аузы айғыз-айғыз, қолы сағал-сағал, үсті-басы былғаныш біреуді көргенде, басқалармен қосыла ол да мәз бола күлді. Бірақ, өзгелердей емес, оның күлкісі тез



1956 жылы, аяғи үш жылдың ішінде республикамыздың колхоздары мен совхоздарында 20 миллион гектарға жуық тың және тыңайған жер игерілді.

1956 жылы мемлекетке 1 миллиард пұт астық тапсырылды. Қазақстан ең жоғарғы награда — Ленин орденімен наградталды.

Тың игерудегі үлгілі істері үшін, республикамызда 40 мыңнан астам адам Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. Оның 25 мыңға жуығы комсомолецтер мен жастар.

Тың және тыңайған жер игеруде аса көрнекті табыстары үшін 139 адамға «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

1953 жылдан 1955 жылдың аяғына дейінгі, екі жылдың ішінде республикамызда 337 жаңа астық совхозы құрылды. Оның 250-і тек қана 1955 жылы құрылды.

1957 жылы жаңадан тағы да 202 совхоз құрылды.

Тың — комсомолдың төл ісі. Биылғы жылы да мемлекетке миллиард пұт астық беру үшін республика комсомол ұйымдары қажырлы күрес жүргізуде.

Қазір республикамызда комсомол ұйымдарының қатарында 700000-ға тарта мүше бар. Олар өздерінің даңқты 40 жылдық мерекесін еңбек табыстарымен қарсы алуда.

тиылды. Түсі сұрланып кетті. «Біздің Витядан» басқасын оқымастан, қысыла-қымтыла шетке шығып, сытыла жөнелді. Қолына сабын, порошок, орамал алып, Бағанатыға қарай жүгірді. Өзінің соңынан езу тартып күліп қарап тұрған Галяны байқауға да шамасы келмеді.

### БАЛДЫ БАРМАҚ ИЕЛЕРІ

— Галя, бол, сорпаның тұзын көр, — деді Қастылева Раиса «Тікеннің» редакторы, өзімізге таныс Денисованы асықтырып. Раиса өзінен екі класс кейін 8-де оқитын сіңлісінің көмекшілік қызметіне әбден риза болатын. Оған әрдайым сенеді. Егер дайындалған асты Галя «дәмді» деп бағаласа, оны Раиса тексеріп жатпайды.

Галя екі айтқызған жоқ. Кішкентай алюмин аяққа қайнап жатқан қазаннан аздап сорпа құйып алып, дәмін татып көрді де:

— Кемдігі жоқ, Рая, саспа, — деп көңілдендіріп қойды. — Мен нан турап, ыдыстарды дайындай берейін, — деді тағы да, бұйрық күтіп, жалтақтап тұрғаннан да өзінше бір нәрсе істегенді тәуір көретін әдетімен.

Ұзамай «жұмысшылар» түскі асқа оралды. Олар жолшыбай өзенге жуынып келген, тіке асқа отыра қалды. Бригадир Женя Викторов буы бұрқыраған сорпадан қасықпен ұрттай беріп, ерінін күйдіріп алды да:

— Ойпырай, аспазшылар бүгін ашулы ма, қалай, — деп күліп қойды.

— Жок, өзің комағайсың, — деген Рая жұртты ду күлдірді.

Сөйткенше, Василий Иванович пен Надя да келіп жетті. Асқа қатар отырды.

— Рая, жігіттерді немен сыйлап жатырсың? — деді Василий Иванович.

— Біріншіге — борщ, одан кейін гуляш, ең соңында компот, — деп жауап берді Рая.

— Өзің компот қайнатуды да үйреніп алғансың ба? — деді таңырқаған Василий Иванович.

— Олар бәрін үйреніпті, — деп Женя жауап берді. — Биыл осы екеуін оқуға жібермей, совхоз асханасына жіберу керек. Балды бармақтарының дәмін үлкендер де татсын, — деді куақыланып.

— Біз сендерге дәмді тағамды дайындағанда текке еңбектенеді дейсіңдер ме?.. Оның қарымы — сендердің абройлы еңбектеріңмен қайтуың талап етеміз, — деді Рая.

— Тап осы жөн сөз, — деп Василий Иванович оны сүйсіне қоштады.

**Естай Мырзахметов.**

Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы,  
Марьевка совхозы,

### НЕМЕРЕ СЫРЫ

«Баралық, — деп, — киноға,»  
Әжем әр кез айтады.  
Бара қалсақ киноға,  
Көңілденіп қайтады.  
Киоскадан кездескен,  
Жаңа кітап аламыз.  
Қалдырмастан сол кештен,  
Қызығына қанамыз.  
Бірде конфет, мармелад,  
Жеміс алып береді.  
Кейде тәтті лимонад,  
Құтысымен келеді.  
Мұзбалқаймақ шілдеде,  
Қандай дәмді десеңші!  
Тойдым деген күнде де,  
Дейді әжем: «жесеңші».

\* \* \*

Әжем бірде ауырды,  
Біз де қоса қиналды.  
Емханаға баруды,  
Оған жедел ұйғардық.  
Ақ халатты бір ағай,  
Әжемді көп қарады.  
Науқас жайы ұнамай,  
Деді: «осында қалады».  
Телефонды бұрадым,  
Таң біліне сәріден.  
Әжем халін сұрадым,  
«Әу!» дегеннің бәрінен.

\* \* \*

Кешке келіп бақшадан,  
Жатыр едім тыныстап.  
Бетімнен сүйіп бір адам,  
Шашымды тұр уыстап.  
Ашып қалсам кірпікті,  
Алдымда екен әжешім.  
Айқай салып мен тіпті,  
Алдым оның зәресін.  
Ұялғаннан қысылып,  
Аймаладым мойнынан.  
Әжем сонда ұсынып,  
Алма әперді қойнынан.  
Әжем жастау көрінді,  
Әурынғыдан көзіме.  
Ауырма деп өмірде,  
Ақыл айттым өзіме.  
Ауырмасқа, өлмеске,  
Әжем мықтап бекінді.  
Ауырғанға сол кеште,  
Өзі де әбден өкінді.

**Мыңатай Қыстаубаев.**

Жамбыл облысы,  
Талас ауданы.

### АҚ БҰЗАУ

Ақ бұзауым қашты да,  
Қағып кетті үйректі;  
Бір аяғын басты да,  
Абайсызда күйретті.  
Әукем енді елеңдеп  
Тұр «бар айып менен» деп.

**Ә. Табылдиев.**

# Ақылды Қыз

(Ел аузынан)

Ертеде Исақұл кедейдің үйі қысы-жазы Қаракөл деген көлдің жағасында отырады екен. Исақұл жасында байдың жалшылығын көп көріпті. Есін білгеннен-ақ қозы, лағын бағып, ержете келе жылқышы болады. Бір жылы қысқы қатты боранда ыққан жылқының артынан кетіп, екі күн далада түнейді. Осы боранда екі аяғын бірдей үсітіп алады да, кейіннен онысы үлкен жараға айналып, аяғынан мүгедек болып қалады. Сол жыл-



дардан бастап ел көктемде жайлауға кеткенде, Исақұл байдың жалшылығына жарамай, қыстау басындағы қараша үйінде қала береді екен.

Исақұлдың бар күнелтісі қызыл қасқа бұзаулы сиыры мен он үш жасар қызы Мер-

уерт болыпты. Меруерт жасынан ақылды, пысық болып өсіпті.

Бір күні Меруерт үйіне жыңғыл арқалап келе жатқанда, кенет ауа райы бұзылып, қатты жаңбыр жауады. Меруерт дереу арқасындағы отынын жерге қояды да, үстіндегі бар киімін жыңғылына жабады. Содан кейін өзі отынның жел жағына отырып, жаңбырдың тоқтауын күтеді.

Бір кезде Меруерттің қасына бір жолаушы адам келеді. Ол жас қыздың мына ісіне таңданып:

— Қызым-ау, мынауың қалай?! Жаңбырда бар киіміңді жыңғылыңа жауып қойғаның не? Өзің жаурап қаласың ғой. Және жел жағына отырмай, ығын ықтасайшы,— дейді.

Сонда Меруерт жолаушыдан қымсынбай, батыл сөйлеп:

— Аға, мұның бәрі отыным су болмасын дегенім. Егер киімімді бұған жаппасам, әрі отыным, әрі үстіндегі киімдерім су болады. Бұл отын су болса, үйдегі әкемнің бүгін тамақтарын пісіретін ештеңесі болмай қалады. Ал, киімдерімді жапсам, отыным құрғақ қалады. От жаққасын су киімдерімді кептіріп алу оңай ғой,— деп жауап береді.

Меруерттің бұл ақылына қайран қалған жолаушы:

— Өркенің өссін, қарағым. Неткен ақылды бала едің! — деп, ат үстінен еңкейе келіп, Меруерттің басынан сипайды.

**Рахмет Иманғалиев.**

## 1. АҢҚА УЛЫҚ

Папасы таңертең жұмысқа кетерде «Мынаны почтаға апарып саларсың» деп Қалтайға бір хат беріп кеткенді.

Хатты почта ішіндегі темір жәшікке салып, өнді шыға бергенде, қарсы алдынан қарт адам жолықты. Ол қалтасынан бір қағазды суырып алды да:

— Балам, көзің ашық қой, мына қағазды оқып берші, пенсияға қанша ақша алады

екенмін,— дегенде, Қалтай қарттың бетіне жалт қарады. Әлі жанары қайтпаған қарақаттай қара көзді көргенде:

— Ата, сіздің де көзіңіз ашық қой,— деп бұрынғыдан бетер таңдана қарады.

«Мына бәлекет менімен ойнағысы келіп тұр ма?» — деп ойлаған қарт қабағын шытып:

— Балам-ау, мені ұйықтап тұр деп ойла-

дың ба, оның ашығы не керек, соқыр болған соң. Өзің андағыны қарашы,— деп сұқ қолымен Қалтайдың қолындағы қағазды нұсқады.

Қалтай қолындағы қағазға үңіліп:

— 840 сом, ата! — деп тағы да қарттың бөтіне таңдана қарады.

— О, рахмет, өркенің өссін, балам. Ал енді өзің «сенің көзің ашық қой, мен соқырмын» дегенге түсінбей қалдың ба?

— Рас, ата, түсінбедім.

— О, балам-ай, өзің аңқау екенсің ғой,— дейді қарт,— нешіншіде оқисың?

— Біріншіде.

— Бәрекелді, мінекей, сен бір жыл оқымай-ақ хат танып тұрсың, бұл көзіңнің ашықтығы емес пе. Ал, біздің тұсымызда кедей баласы оқи алмады. Әліпті таяқ деп білмедік, бұл соқырлық емес пе. Тек оқи бер, оқи бер, шырағым, менің айтарым осы,— деп қарт Қалтайдың маңдайынан бір сипады да, пенсия төлейтін әйнекке қарай жөнелді.

## 2. ШӘРІП

ГАЗ-51 маркелі автомашина кең көшемен ызғытып келе жатты. Ұшы имек, ұзын сымды машинаның кузовына іліп алған Шәріп те конькимен зымырап келеді. Көңілі көтеріңкі. Орталық көшеге жақындай бергенде, келесі бұрылыстан автобус шыға келді. Оған жол беру үшін, шофер жалма-жан тормозды оқыс басып қалды. Аңдаусыз келе жатқан Шәріптің маңдайы машинаға сарт етіп, шалқасынан түсті.

Шофер тарс еткен дыбысқа елегізіп, машинадан түсті. Машинаның дәл түбінде жатқан баланы көрген шофер аңтарылып қалды. «Шынымен-ақ, басып кеткенім бе,— деп ойлады ол,— бірақ көлденең келе жатқан ешкім жоқ сияқты еді ғой!» Сөйткенше болмай, сұлап жатқан Шәріп орнынан созыла тұрып, сонадай жерге ұшып кеткен сымын алуға беттеді.

Істің мәніне сонда ғана түсінген шофер:

— Өліп қала жаздадың ғой, қарағым-ау, егер, сол екпініңмен машинаның астына түсіп қалғанда не болатын едің. Сен үшін кім жауап беретін еді, кім үйретті мұны саған! — деп Шәріптің пальтосы мен құлақшынына жұққан қарды қаға бастады.

Қинаш Ыдырысов.

Ақмола облысы,  
Атбасар қаласы.

## ҚОЛҒАП

Жаңа қолғап алып киген Есен тамаққа қарамастан кітаптарын жинады да, мектепке тартты. Ол мұндай қолғаптың өзге балаларда жоғын жақсы білетін. Сондықтан, оларға мақтануды да ұмытқан жоқ.

Есен қолғаптың өзінде ғана барын біліп жолдастарына ерекше мақтаныш сезіммен көрсетті.

Кейбір ұнатпаған балаларына ұстатқан да жоқ...

Қолғаптың жоғалғанын мамасына білдірген жоқ, одан қорықты. «Алмай жатып құрттың ба деп ұрсады ғой» — деп ойлады.

Үйден табылмаған соң қолғапты мектепте қалдырдым ба екен деп ойлаған ол мектепке жүгірді.

Мектепке жүгіріп жете бере өзімен бір класта оқитын Бейсенді кездестірді. Оның қолындағы сары қолғапқа жабыса түсті.

— Әй, Бейсен, шеш қолғабыңды,— деді ол.

— Неге?

— Танып тұрмын.

— Иә, саған, папам әперді, өзімдікі,— деп қасарысқан Бейсен де қолғапты шеше қоймады.

— Сенікі емес, бер деймін. Осыдан...— деп Есен оның қолынан тартқылады. Қолғапты шеше бастады. Біреуін алып та қойды.

Бейсен ызаланып жылап жіберді.



Есен оны тыңдаған жоқ, қолғапты тартқылап, Бейсенмен алысып кетті. Осы мезетте бұлардың жанына бір бала аптыға жүгіріп келді. Ол Есеннің інісі Сәрсен екен.

— Аға, міне қолғабың, есік алдына тастап кетіпсің,— деп қолғапты Есенге ұсынды.

Абұлхамит Исаев.

«Коммунизм» колхозы.



ғыз, түрікмен жастары, тіпті орыс жастары да зор құрметпен атайды.


РКСМ Орталық Комитеті Коммунистік жастар Одағының қатарын өсіру үшін езілген бұхара халықтың жас ұрпақтарын советтік өмірдің алғашқы бастамаларына белсенді түрде араластыру үшін еліміздің әр түкпірлеріне өздерінің сенімді өкілдерін жіберді.

Суретте (2) кәзір Қырғызстан Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері, тарих ғылымының кандидаты Жантуаров С. жолдасқа берілген РКСМ Орталық Комитетінің жолдамасы.

Суретте (3) 1918 жылдан комсомол мүшесі, кәзір Қазақтың мемлекеттік ауылшаруашылық институтының оқытушысы, кафедра меңгерушісі, ауылшаруашылық ғылымының кандидаты Г. Д. Чурин жолдастың комсомол билеті.

1918—1921 жылдарда комсомол мүшелері туысқан Коммунистік партиямыздың басшылығымен сүйікті Социалистік Отанды, Ұлы Октябрь революциясының жеңістерін тап жауларынан, капиталистік мемлекеттердің қарулы күшінен аман сақтап қалу үшін жан аямай күресті. Қолдарына мылтық алып талай жастар Қызыл Армия қатарына қосылды. Қазақстанның көптеген облыстарындағы және әскери бөлімшелердегі комсомолецтер мен жастардың арасында зор ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Бұл істе В. И. Лениннен

# АЛҒАШҚЫ




Москвада шақырылған Россия жастарының бірінші съезінде данышпан көсеміміз В. И. Лениннің басшылығымен тұңғыш рет Россиялық жастар Одағы ұйымдастырылды. Осыдан кейін-ақ еліміздің түкпір-түкпірінде Коммунистік жастар Одағы ұйымдастырыла бастады. Мына суретте (1) Түркстан комсомолының Орталық Комитетінің бас секретары Ғани Мұратбаев. Оның есімі комсомол шежіресінде алтын әріппен жазылды. Бұл есімді қазақ жастарымен бірге өзбек, тәжік, қыр-


мандат алған қазақ даласында Совет өкіметін орнатуда көп еңбек еткен революционер Әліби Жангелдин зор ұйымдастырушылық талантымен ерекше көзге түсті.

Жангелдин әңгіме өткізіп Азамат Бөкей ордасы сақталған Құттықтар атты беттер

Суретте (6) 1920 жылы Әліби



# ҮШҚЫНДАР



3

тар арасында тұр. еңсі тарихына жастарына жақтың Советтік сар полкі даңқты. Бұл полк

1919 жылы азамат соғысының атақты қолбасшыларының бірі В. И. Чапаевтың дивизиясына кіріп, Орал қаласын және облысын ақгвардияшылдардан азат етуге қатысты. Отан алдындағы ерліктері үшін сол

жылы РСФСР Бүкілроссиялық Орталық атқару комитетінің жауынгерлік Қызыл туымен наградталды. Суретте (4) полктің 2-жауынгері, бөркінде значогі бар, бөлім командирі, комсомол мүшесі Ғұсман Әзірбаев. Ол бір ұрыста жаудың 3 ат жегілген қарулы тачанкасын қуып жетіп, 4 пулеметшісін қылышпен кескілеп өлтірді және пулеметті, тачанканы жегулі аттарымен т. б. қару-саймандарын алып, өзінің бөліміне келген. Мұндай ерліктері үшін Ғ. Әзірбаев жолдас Еңбек қызыл туы орденімен наградталды.

1920 жылдың күзінен бастап республикамыздың көптеген жерлеріне уездік, губерниялық облыстық комсомол комитеттері құрыла бастады. Суретте (7) Жетісу облыстық комсомол комитетінің бюро мүшелері. Ортада ақ китель киіп отырған адам облыстық комитеттің бірінші секретары Шымболатов жолдас.

1921 жылдан бастап комсомол жұмысын жандандыруда комсомол баспасөзі; газеттер, журналдар елеулі үлес қосты.


Суретте (5) жастар баспасөзіне елеулі еңбек сіңірген жолдастар «Жас қайрат» газетінің редакциясында. Солдан оңға қарай: Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетінің жанындағы Марксизм-ленинизм институтының кәзіргі қызметкері Елшібеков А, 1924—1926 жылдардағы Қазақстан



4

комсомолы Орталық Комитетінің бірінші секретары Игенов, баспасөз қызметкерлерін даярлап шығаруда көп еңбек сіңірген Алдонғаров Е. және басқа баспасөз қызметкерлері.

Қ. ФАИЗОВ.





# БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ

Балалар жазушысы — Б. Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Дераты дейтін жерде туған.

Оның балаларға арнап жазған алғашқы өлең, әңгімелері КАЗПИ-де оқып жүрген кездерінен бастап (1945—1949 жылдары) республикалық газет, журналдарда жариялана бастады.

Соқпақбаевтың шығармалары оқуға жеңіл, қызықты болып келуімен бірге, сан-қилы тақырыпты қамтиды. Мысалы: «Жекпе-жек» повестінде спорт жайында айтылса, «Алыстағы ауылда» повестінде балалардың колхозға көмегі туралы баяндалады. Ал,



«Өзім туралы повестінде» Қожа деген баланың жағымсыз қылықтары көрсетіледі.

Сол сияқты, «Бұлақ», «Бақыт жолы» деген кітаптарында да балалар өмірі жайлы қызық оқиғалы өлең, әңгімелер көп-ақ.

Жазушы биыл «Балалық шаққа саяхат» деген повесть жазып бітірді. Бұл шығармада алыс ауылда туып өскен Бектас дейтін жетім баланың 30-жылдардағы өмірі мен істері баяндалады. Повестің басты кейіпкерінің прототипі — автордың өзі.

Біз журналдың өткен санынан бастап повесті қысқартып жариялай бастадық.

## Балалық шаққа саяхат



(Басы өткен санда).

Б. Соқпақбаев.

### Повесть

3

Жоқ, мен өлмеймін! Талып қалған екем. Көнбіс басым бұған да шыдап бағыпты, бірақ зақымданып қалыпты. Есімді жиғаннан кейін байқасам, бір жақ шекеме бір пұттық гирдің тасын байлап қойғандай зіл батпан. Ісік кернеген оң көзім үңір сызатындай жылтырап, әрең ашылады. Көрпе төсеген төр алдында жатырмын. Омырауым қызыл жоса қан. Шешем байғус жасы алты тарам болып, бас жағымда отыр.

Ол кезде ауылда дәрігер жоқ. Аурулар осыдан он екі километрдей жердегі Нарынқол делінетін орыс-қазағы аралас ірілеу селоға барып емделеді. Амбулатория бұл аймақта сонда ғана бар. Мені оған ешкім де

апарған жоқ. Шекемнен аққан қанды киіз күйгізіп басып тоқтатты да, ісікке біреулердің ақылымен қабаттап сужапырақ тартып, тазалау көкшіл шүбірекпен добалдай етіп, байлап берді. Сүйек сынғаннан сау ма, сау емес пе, оны рентген сәулесімен зерттеп білу ол кезде мұндағы жұрттың ойы түгіл түсіне де кірмейді.

Бес-алты күн бойына сабаққа бара алмадым. Шешем болса, тіпті ешқайда жіберетін ойы жоқ. «Биылша оқымай-ақ қойшы, құлыным. Жұдырықтай қып, бір күні бұзақы балалардың бірі өлтіріп кетіп жүрер» дейді. Мен бұл сөзді құлағымға да ілмедім. Өзге балалардың барлығы білімді адам болып шығуға тырысып, жаппай оқу оқып жатқанда, мен қалайша үйде отырып қалмақпын! Шекемді домбаздай етіп, мектепке қайта



бардым. Сағатбай мұғалім бір-екі рет үйге келіп, халімді біліп кеткен болатын. Ол мені аянышпен, жылы шыраймен қарсы алды.

Бұрынғыдай емес, класта тәртіп қатайыпты. Киікбай, Найза деп руға бөлушілікке мұғалім қатаң тыйым салыпты. (Сағатбай өзі сырттан келген рудың адамы болатын).

Оқу осылайша жүріп жатты. Ептеп әрнені біліп, хат танып қалдық. Мен тәуір оқушылардың санатындамын. Жауап бергенде тықылдап, шешен сөйлеймін. Класта он-он бес бала қатарынан тізіліп отырарлықтай, үсті өңделмеген ыңыршақ парталар пайда болды. Қозғалсаң, шиқылып салып, бірге қозғалады. Солай да болса жерге етпеттеп жазғаннан бұл көш ілгері. Еңсеміз көтеріліп оқушы сиқына келіп, тәуірленіп қалдық.

Біздің өлкенің қысы қатты болады. Қар қалың түседі. Онсыз да дабыр-дұбыры, ойып-күлкісі аз, бір шөкім, бәкене ауыл бұл кезде жансыз денедей сұлқ жатып қалады. Қар тұмшалаған тамдар мен қора жайлар мыжырайып, шәгіп кетеді. Ертеңді-кеш әр үйдің төбесінен қисық шұбалып көтерілетін көкбұйра түгіндер ғана сырт жолаушыға бұл арада ел мекені бар екенін білдіреді.

Адамдардың өмір арымы бұл кезде өте-мөте көңілсіз, өңсіз-түссіз, біркелкі. Жұрт ерте жатады, кеш тұрады. Кітап оқымайды, газет-журнал жаздырып алмайды, кино көрмейді, радио тыңдамайды. Ешкім туған күнін атап өтпейді.

Жылдың бұл қысылшаң ауыр мерзімінде де балалық шақтың думан-жарменкесі бәсендемейді. Аштық, жалаңаштықты елемейді ол. Өзінің бос уақытын таза ауада, мұз айдынында, сырғанақта өткізеді.

Болат коньки, шаңғы дегендер ол кезде бізде болмайды. Әскерлерден ғана көреміз. Баласына құнттап, әдемілеп шана жасап беретін ата-ана да шамалы. Текестің биік тікше жарқабағынан астымызға сиырдың тоң жапасын қонып сырғанаймыз. Бұл әрі арзан, әрі төзімді. Суға бір малып тоңазытсаң, көкпеңбек болып шыға келеді. Рақат! Мұз жолақтың басынан отыра қалып қоя бергенде, дүңгірлеп, құйындатып алып кеп жөнеледі де, сай табанына бір-ақ барып жетеді. Бар айыбы орнықты емес. Бұлт ете қалса, зып беріп, астыннан шығып кетеді. Асау тайдай алып ұрады. Сонан соң жар табанына жамбаспен, майқұйрықпен сырғанап жетесің.

Осылайша бір емес, екі емес, он... жүз рет қайталаған соң киімнен не тамтық қалсын. Әуелі құйрық тозғыш келеді, онан соң тізе мен шынтақ... Кешқұрым сығырайған бөтелке шамның түбінде жыртықтарыңды жамап отырып, шешен байғус күбірлеп, ұрсумен болады.

— Сырғанақта басың қалғыр, оңбаған. Кеше ғана жамап беріп едім. Бір күн болмай жатып, пәре-пәресін шығаруын қарашы! Ендігіәрі сені жіберсем бе сырғанаққа!

Өзге киім ештеңе емес, қыстыгүні адамды өте-мөте қор ететін аяқ киімнің жоқтығы екен. Алғашқы жауған қарды мен жалаңаяқ қарсы алдым. Күздің қақаған қара суығында, таңертең жер бетін киіздей тұтып қалатын зорлі боз қырауды елемей-ақ, соған дейін мектепке табиғат берген «өз аяқкиіммен» барып жүргем. Кенет бір түнде жапалақтап қар жауып, жер бетін ақ көрпе көміп қалды. Таңертең табалдырықтан аттап шыға алмай, ауыз үйдің есігі алдында бүрісіп тұрмын. Сырттағы мап-майда ұлла қарға сәби көңілім алып ұшып әуеспен қараймын. Шіркін, жыл-жылы етің болып, жүгіре шығып, есік алдынан тап қазір аққала соғып жіберер ме еді деймін. Қыс түскенін қуаныш көргендей бірнеше суықторғай дүр етіп ұшып кетіп, қайта дүрлігіп, ұшып кетті. Еңкейіп, табалдырықтың дәл түбінен ақ ұлла қарды уыстап аламын. Құрт жасағандай сығымдап ұстап тұрамын да, дәмін көретіндей шетінен тістеймін. Сонан соң құлаштап тұрып, лақтырып жіберем. Қандай жақсы, қыс түсеті!

Осы бір қуанышты сәтте аяқ киімімнің жоқтығын ұмытып та кеткендеймін.

Кенет үй пұшпағынан Жүнісбай шыға келді. Ол терезеден:

— Бектас! — деп дауыстай берді де, мені көріп: — Жүр, мектепке, — деді.

Аяқ киімім жоқтығы енді есіме түсті. Жабырқап үйге кірдім.

— Апа, мектепке қайтіп барам?

Ауру шешем әкем мен ағаларымды жазғыра бастады:

— Осыған бір аяқ киім қамдап беріңдер деп, жаздап бері қақсап келем. Әне, енді оқудан қалатын болды.

— Бол, бол жылдам! — деп, Жүнісбай жекірендейді.

Қамсыз әкем, бұған дейін қыс түсерін білмегендей, енді ойланып қалды. «Қиын болды ғой», деп мінгір етті де, артық ауыс жатқан аяқ киім іздеп, төңірегіне қарады. Сатылғанның етігі өз аяғында. Тәтемде де басы артық ештеңе жоқ. Босаға түбінде апамның ғана өкшесіне жамау түскен үшкіл тұмсық азиялық ескі калошы жатыр.

— Әсбет, сенің калошыңды киіп барып келсе қайтеді?

— Ой жазған, онымен қайтіп барады. Аяғына қар күйылып кетпей ме!

Сабақтан қалу маған үлкен қасірет. Мына шарасыздық хал еңсемді түсіріп, не істерімді білмей күйзелем. Жүнісбай жекірендей бастады әкеме:

— Сіз немене, қыс түсерін білмедіңіз бе? Балаңыздың аяқ киімін күні бұрын неге қамдап бермейсіз. Бектастың оқуына зиянкестік тигізіп отырсыз. Ертеңге дейін қалай да бірдене тауып беретін болыңыз.

Жүнісбай осыны айтты да, есікті тарс жауып, шығып кетті. Әкем оның соңынан шошына қарап қалды. Енді бірер минуттан кейін Жүнісбайдың балаларды мектепке жүржүрлеп саңкылдаған даусы көрші үйлердің есігі алдынан естіле бастады. Сонда, әкем жағасын ұстап:

— Япырай, Көкпекбайдың осы баласы не болар екен. Қырар біреуді, қырар, — деп басын шайқап қойды.

Жүнісбайдың әлгі айтқан қатулы сөздерінен әкем шынымен-ақ сескеніп қалды. Қалайда менің аяғыма бірдене тауып бермей болмайды енді. Ол ауыз үйдегі қоқырсыған құрым жүкті ақтарып, қонышынан басқа тамтығы қалмаған өзінің ескі пимасын тауып алды. Маған соны табандап бермек болды.

Немен табандау керек? Жай құрым киізбен табандағанмен ол бұйым болмайды. Бір-ақ күнде тесіліп шыға келеді. Сонан соң



қайтадан табандау керек.

Әкем солдаттардың ескі пималарының қонышы табылар ма екен деп, застава жаққа кетіп еді. Бір кезде автомобильдің жарты баллонын сүйреп келе жатыр. Пиманы сонымен табандамақшы екен.

— Бұл табан болушы ма еді? — деп, үй іші шұр ете қалды.

— Е, болмағанда ше?

Қайта тозбайды. Тақаның да қажеті жоқ.

Әкем баллонды кескілеуге кірісті. Мен қызық көріп қасында отырмын. Пышақ жүрмейтін ғажап, берік зат болады екен. Ұстаға апарып атауызға тістетіп, балталап, балғалап жатып, әрең дегенде ішкі қабатын сыртқы резинкасынан бөліп алды. Сондада қалыңдығы төрт елі, қап-қалың бірдене. Сонымен не керек, со күн күнімен отырып, ескі пиманы әкем баллонмен табандап берді.

Ал енді, киіп көрейін! Аяғымды іле көтеріп ала алмай, әуелгіде жығылып қала жаздадым. Екі табанына зілдей етіп, қорғасын құйып қойған тәрізді ап-ауыр. Етіктің жұлығынан асыра жалпितып көктелген дүрдік ұлтан аяғымды талтаңдай аттамасам, бір-біріне соғысып, шалып жығатындай. Менің зәрем ұшып кетті. Қалай жүрем бұнымен? Көшеге қалай шығам? Мектепке қалай барам? Балалар келекелеп, күледі-ау енді? Сырт қараған адамға менің мына түрім әдейі қорлау үшін зілдей ауыр пимаға екі

аяғымнан тік сұғып, қадап қойған секілді. Балалардың көзіне шалынсам болды, дуылдаған мазақтың жемі болатыным қак.

— Керегі жоқ, кимеймін,— деп, отыра қалып, аяғымдағы пималарды бірінен соң бірін есік жаққа аттым. Қорғасын күйған сақадай әлгі антұрғандар тікейіп-тікейіп алшысынан барып түсті.

Бірақ, басқа нем бар киетін? Жоққа жүйрік жете ме? Амал нешік, ертесінде мектепке осы пимамен баруға тура келді. Санымды тіреген ұзын қонышты кесіп... қысқартып бер десем, әкем көнбейді.

— Тек, киімді бүлдіруге бола ма екен,— дейді.

— Енді қалай жүрем. Міне, әуелі отыра алмаймын да. Тіреп қалады.

Әкем бұған көзі жеткеннен кейін пиманың қонышын қылтама дейін тіліп берді.

Мен өзгеден бұрын Майрадан ұялып өліп барам.

Таңертең ешкімнің көзіне түспестен мектепке ерте жөнелдім. Аяғымды зорға алып, қолайсыз жүріп келемін. Бірақ бір рақаты — пимамның іші ып-ыстық, қыз-қыз кайнайды. Ауылдан берірек оңаша шыққан соң әдейі сынап, нешетүрлі машықпен жүре бастадым. Оқтың-оқтың жүгіріп те көремін. Малтақтап қар кешемін. Табанын адуандағып көктеген жуан таспа қар суымен көкқайызданып, бұрынғыдан әрмен батпия түсті.

Класқа елден бұрын кіріп, отырып алдым. Біртіндеп басқа балалар да келе бастады. Әдетте қашан қоңырау соғылғанша тыста жүретін ойынқұмардың бірі едім. Енді аяқтарымды партаның астына тыға түсіп, күйрығы желімделіп қалған адамдай тапжылмаймын. Сұмдық пималарымды балаларға көрсеткім келмей қорланып, қорыншақтап отырмын.

Қоңырау соғылды. Сабақ басталды. Осы кезде менің басыма мынандай қулық ой келе қалды. Ерте ме, кеш пе, пимамды балалар бәрібір көреді. Егер үзіліс кезінде көрсе, мазақтап, дуылдап қоршап алады. Одан да жөнін тауып осы сабақ үстінде көрсетіп қалайын. Сонда олар түк те істей алмайды, мықтағанда, көздерін бір-бір бағжаң еткізеді де қояды. Ал сонынан үзіліске шыққанда, тосын көргендей бірден ғажап әсерленбейді.

Қасымда Қожақан отыратын. Әлгінің шынғағына түрттім де, бері қаратып алып, аяғымды нұсқадым. Бұған дейін Қожақан пимамды байқамаған еді. Оқыстан сұмдық бірдене көргендей тесірейді де қалды. Ой-

лағанымдай болды, басқадай ештеңе де айта алмады.

Өстіп-өстіп, пимамды төңірегімдегі өзге балаларға да көрсетіп шықтым.


Енді аздап бетім ашылыққырап, бойым жеңіліп қалғандай болды. Отырудан әбден жалыққандықтан үзіліс кезінде қорыншақтай басып, сыртқа беттедім. Бәрінен бұрын пимамды Майра көреді-ау деп күйзелемін. Қайтер екен ол?

Есіктен шыға бергенім сол еді. Кенет артымнап:

— Оһо! Мынаның аяғына қарандар! — деген мазақ дауыс санғ ете қалды. Жалт қарасам, Жанбосын,— Ой, немене әкеннің пимасын киіп алғансың ба? Ой-ой, табаның кара! Мә-саған! Қалай көтеріп жүрсің, ей!

Жанбосын мені сөз жүзінде тәлкектеп қана қоймады. Пимамның басын аяғымен теуіп көріп, «табанын көрсетші— ей?» деп, мазақтап, рәсуәмді шығарды. Мен зығырданым қайнап тұрса да, шарасызбын. Алыса кетер ем, әлім жетпейді. Қызарамын, қуарамын, бұртиып ыза болғансымын. Жанбосынның аяғындағы бұжып табан әдемі ботинкаға көз тастап, мен де осындай ботинка киетін заман болар ма екен, болмас па екен деп, армандаймын.

Әлгі пиманы со жылы қыстай киіп шықтым. Біраз күннен кейін алғашқыдай емес, етенеленіп алдым. Пәлендей сөкеттігі байқалмайды онша. Сырғанақ ойындардың бірін күр жібермей зар қағып жүрем. Тек



көлдененнен тосын көрген жұрт қана:

— Ой, мынаның пимасы өзінен үлкен ғой. Қалай көтеріп жүрсің! — деп, бір назар тігіп қалады. Пимамның өз бойыма шақ еместігі сонда ғана есіме түседі.

(Жалғасы бар.)

## Баллада

I

Қан жапқан көзі шығып шарасынан,  
Ышкынды ит жәрдем тілеп  
Шарқ ұрды үйдің ішін  
Бетімен шығып кетті аласұрған.



— Теке сан, барыс кеуде, ат бауырлы,  
Қасқыр көз, қабан тірсек, кең  
Салпы ерін, сабау құйрық  
Сендей-ақ болар деуші ем ит дауылы.  
Аузыңмен әперердей ай кусогін,  
Лйт — десем аспанға да қарғушы  
Алма ағаш саясында мен тынықсам,  
Адамша айналамды андушы едің.  
Тау кезсем сен де бірге кезуші едің,  
Тағыны алқымынан езуші едің.  
Қара түн, кара орманда сен бар  
Өзімді жүз батырдай сезуші едім.

Сезгендей біздің үйге ойы арамын.  
Бар еді жек көретін бір адамын.  
Тастаған саған ине сол сұм шығар  
Сол шығар, оған несін ойланамын.  
Именіп жүруші еді Бөркұлақтан,  
Бау кеспе, қанды қол ед сол  
Аш көзі біздің баққа күлімдеуші ед,  
Кісідей жол үстінен алтын тапқан.  
Іңірде осы тұста қарандаған,  
Әрине сол ғой ныспы арам адам.  
Қайтейін қапы өзінде, Бөркұлағым,  
Ол атқан тілім нанға жалаңдаған.  
Жоқ, достым, ол өкініш өз алдына...  
Өлімге қалай қиям көз алдыма.  
Аузыңа кергіш салып... сұғынайын...  
Инені сындырайын... суырайын.

Мезгілде ымырт түсіп қас қарайған,  
Түбіне барды да ит тас сарайдың,  
Көмейін тырналады табанымен...  
Ақ жұлдыз бағып отыр қасыңда



Бөркұлақ қылғынады, ышқынады,  
Түн ұрты жел толтырып ысырады.  
Қадалған көмейдегі жез инеге,  
Қақалған ит сорлы не күш қылады

— Дәрмен жоқ сілекейін  
Бар ма ылаж бұл пәледен құтылатын.  
Қанша есті болғаныммен затым ит  
Аш па едім тілім нанға ұмтылатын.

Дегендей Әшекеннің Бөркұлағы...  
Тағы да шикылдайды, қылғынады...  
От төгіп қайсар көзі шарасынан,  
Шықшытын табанымен ұрғылады.

II

Өзгеріп Әшекеннің түсі мүлде,  
Жалыны лап еткендей ішінің де,  
Келтірді көз алдына сүйікті итін,  
Өсірген көрпеге орап күшігінде.

Андаушы ең қасқыр түгіл қарға  
Ойнаушы ең добын әкеп  
Өзенге қайта айналып мен келгенше,  
Тұрушы ең күзетінде қармағымның  
Алмаға пісіп тұрған бақшадағы,  
Сен барда жоламаушы ед мастар  
Серікке сені сұрап алар еді.  
Алшанын түнде қайтар жастар

Жазықсыз ұшыратып мұндай күйге,  
Қандай жан тастады екен саған ине.  
Бұл өңір ардақтаған Бөркұлағым,  
Қапыда қалғаным-ай, қайран дүние.

Әшекен келді де осы қортындыға  
Үйірілмей ойдың басқа ол-пұлына,  
Төрінен атып тұрып тысқа шықты,  
Ажалға ұмтылғандай жортуылда.

III

Әшекен шыға келсе үйден зырлап,  
Қырқырап, ине жұтқан Бөркұлақ  
Біресе табанымен жағын ұрып,  
Біресе жан ұшырып жерді тырнап,—  
Түбінен тас сарайдың атып тұрып,  
Қалтырап, демі бітіп, аласұрып.  
Көзден от, көмейінен қан бұрқырап  
Сенделіп... долы өзенге кетті құлап.  
Ағашқа ырғып шықты ала мысық...  
Сар қасқа салпаң құлақ алты күшік  
Қабақта тұрып қалды жер іскелеп...  
Соңынан Бөркұлақтың бара түсіп...



# АЛҒАШҚЫ АНШЫЛЫҚ



Кейбір жерлері болмаса, өзеннің жағалауы қамыссыз жалаңаш еді. Әсіресе, сәскеде өзеннің беті де айнадай теп-тегіс болып жарқырап жатады. Көгілдірленген бұл тегістікті балықтар ғана мазалайды. Олар су бетінің әр жеріне түскен шыбын-шіркейлерді немесе басқа бір қоқымды түртіп қалғанда, сол нүктеден дөп-дөңгелек толқындалған шеңбер жайылып кетіп, бірте-бірте үлкейе түсіп, біраздан соң жоқ болып кетеді. Қылта жерлер мен өткел болмаса, өзеннің ағымы тіпті білінбейді де.

Серікжан екеуіміз бір жаркабаққа түстік те, сәл ғана жадағайлау жиекте бір-бірімізден арқан бойы жерде қармақ салып тұрдық. Серікжан менің оң жағыма орналасты.

Қармағымның қалтқысы тереңде жатса да, түп-тұнық судан оның жем орнатқан ұшын анық көріп тұрдым.

Балық қаппай қармақтың қызығы болмаған соң мен жалығып кеттім де:

— Серікжан, жүр, басқа жерге барып салайық, мына жерден балық түсер емес, — дедім досыма.

Серікжан қалтқыдан көзін алмастан, «үндеме, балықты үркітесің!» дегендей, үнсіз қолын сілтеді.

Сөйткенше болған жоқ, Серікжан қармағының ұзын, жінішке құрығын майыстыра,

шірене келіп тартты. Сол-ақ екен, қармаққа ілінген алабұға сумаң етіп судан шыға келді. Серікжанның күштеп тартуы сонша, балығы қармағымен бірге артындағы жаркабақтан асып түсті.

Мен бұған қатты қызықтым.

Көп ұзамай ол тағы бір балық ұстады. Енді менің ішім күйге айналды. Мұнымды білдіргім келмей:

— Серікжан, мен қармақты әне бір жерге салып көрейін, — дедім жайдарылана.

— Жарайды, барғың келсе бар. Мен әзір осы жерде тұра тұрамын, — деді ол жай ғана.

Өткел менің сол жағымда екі жүз метрдей жерде болатын. Оның бер жағында, жағасы селдір құрақты, саяз кішкене ғана құлақ бар еді. Мен сол құлаққа тақалып келіп қармақ салып тұрдым. Бұл жерде қармағым қанды болды. Аз уақыттың ішінде су құйған шағын ғана темір шелегімнің іші түрлі балыққа шүпілдеп толды да кетті.

Бойымды бір қуаныш билеген мен қармақты үсті-үстіне сала бердім. Енді ұсақ шабақтар түссе, оларды місе тұтпай суға қайта қоя бердім.

Бір мезетте саяз құлақта бірдене шолп ете қалды.

Бұл жерде суға тас дақтыратындай ешкім жоқ екеніне кәміл сенгендіктен, шортан екенін бірден-ақ білдім. Сүйір, жалпақ тұмсық, ұзынша келген, қанаттары ірі, тарғыл шортанның бейнесі көз алдыма елестей кетті. Осымен бірге әкемнің: «Құланөтпестің шортандары жағаға тым тақау тұрған адамдарға да шабады» деген сөздері есіме түсіп, бойым шымыр ете қалды. Сол-ақ екен, жаңағы жакта шортан тағы бір рет күмп ете түсті.

Енді не де болса қасына таяу барып көргім келді. Қармағымды тастай салып, ақырын аяңдап құлаққа келдім.

Демімді ішімнен алып, жағадағы селдір құрақтың арасынан ақырын ғана басымды қылтитып сығаладым. Судың шылауы қалың екен. Мұның арасынан шортанды көрем деу бекер әурешілік еді. Шортанды шылаумен қатар қойып үстінен қарасаңыз, шортанды шылаудан айыру өте қиын екені маған бұрыннан белгілі болатын. Ал, мына

қалып шылаудың қай жерінен көрерімді біле алмай сәл кідіріп қалдым.

Қозғалмай мен де тұрдым, шортан да ешбір белгі бермеді. Шортан су әлеміндегі басты жыртқыштардың бірі ғой. Оның басы крокодилдің басынан аумайды. Тістері де біздей үшкір, ырсып-ырсып тұрады. Соған карағанда, шортан ұсақ балықты шайнап жемей, жұлдыздай ағып келеді де, тірідей бір-ақ қылғиды.

Қозғалмай тұра беруге менің шыдамым жетпеді. Сондада, «енді кішкентай ғана тұра тұрайын, егер көрінбесе, не басқа бір белгі бермесе онда кетіп қалғаны да!» деп ойладым.

Сөйткенімше болған жоқ, су шолп ете түсті. Сасқанымнан бұғып қалдым. Түп-тұнық судың беті астан-кестен болып көпіршіктенді де кетті.

Судың беті сәл тұна бастағанда әлгі жерге қарасам, тап-тарғыл болып, алдымда шортан көлденең тұр екен.

Мен аз ғана дардарыс үстінде кідіріп қалдым. Ойға шомдым: «Мұндай ірі шортанға дәл қазір қармақ тастауға да болмайды. Және ондай қармақ менде жоқ та. Не істеу керек? Ақылдасатын Серікжан да алыста тұр. Көрне көзге қоя беруге бола ма? Жоқ! Ендеше не амал бар бұған? Таптым!!!»

Шортанның жоны судың бетінен шығаршықпас болып тұрды. Өзі тіпті қозғалар емес. «Ә, тағы бір жемді аңдып тұрсың ғой!» деп ойладым мен.

Ақырын ғана сытылып кейін шықтым. Шортанның көзінен тасалаңған соң, аяғым аяғыма жүкпай безек қағып, жүгіріп ала жөнелдім.

Сарыбай өткелінің тап түбінде киіз үйде тұратынбыз. Жүгіріп үйге келсем, шешем есікті қыл жіппен байлап, сиыр саууға кетіпті. Мұндай жолым болмас! Қуанғанымнан жүрегім аттай тулап кетті. Егер шешем үйде болғанда, қалай жалбарынсам да мылтықты бермеген болар еді. Өйткені, мен бұрын қолыма мылтық алып көрмеген едім. «Атылып қаласың!» деп шешем зар қағып оның қасына жолатпайтын.

Үйге кірдім, керегенің басында ілулі тұрған бір ауызды жұлып алып, шыға жөнелдім. Мылтықты жолай, жүгіріп келе жатып оқтадым.

Жүгірген бойы баяғы жерге келіп ақырын ғана сығаласам, шортан әлі де сол орнынан қозғалмапты.

Жүремнен отырып, шынтағымды тіземе қойып көздейін десем, шортанды құрақтар

анық көрсетпеді. Түрегеліп тұрып, мылтықты ұсына көздейін десем, қолымның әлі жетпей, мылтығым желді күнгі қамыстай теңселе берді. Енді қайтем?

Демімді терең бір алдым да, шала-пұла көздей, түрегеліп тұрып тартып жібердім. Көзім мылтықтың атылуынан бұрын жыныр ете түсті. Оның үстіне, мылтығым теуіп кеп жібергенде, қорыққанымнан қолымнан тастап жібердім, өзім шалқалап барып, тәлгі-ректеп, сәл ғана құламай қалдым, әйтеуір.

Есімді енді жиып суға қарасам, әлгі шортан аузын бақадай ашқан, бауры аппак болып, ішіне қарай иіліп, су бетінде қалқып жатыр екен.

Мылтықтың оғы тиді ме? Жоқ па? Онымен ісім болған жоқ. Екі қолымды екі желбезегіне салып жіберіп, судан сүйреп алдым да шықтым.

— Ойбай, ойбай! Жұртым-ай! — деген айғайға жалт қарасам, шешем Серікжанның шешесімен екеуі безек қағып жүгіріп келеді екен. Жаулығы көлең-көлең етіп, адымы өнбей сүрініп-қабынып келеді.

Мен жағаға шығып, балықтарымның суын сыға бастағанымда, аналарымыз да келіп жетті. Бір жақтан Серікжан да жетіп үлгірді.

— Ойбай-ай, не болды саған! — деп келе абыржыды шешем.

— Түк те болған жоқ, — дедім мен, қула-на жымып алдым да.

— Мені қорқытып-ақ болдың-ау осы, — деді шешем ренжігенсіп, бірақ жүзінде менімен қоса қуанғандықтың белгісі тұр еді.

— Апажан! — дедім мен шешемнің жүзіне карап тұрып, еркелей құшақтап. — Апажан, мына шортанды атып алдым. Бұл ме-




нің мылтық ұстауға жарағандығым емес пе? Маған бір ой келді. Осы шортанды дәмді қып, жақсылап қуырыңыз. Кешке әкем аңнан келгенде алдына қойыңыз, ар жағын өзім білем,— дедім түпкі сырымды ішіме сақтап.

Анам келіскендігін білдірді.

Кешкі тұрым әкем келіп, кешікпей асқа да отырыстық. Екі жағын да қызыл-күрең ғып, бөлшектеп табаға қуырған шортан, майы шыжылдаған бойы, алдымызға келді.

— Мұны сендерге кім берді? — деді танырқаған әкем анама қарап.



— Әні балаң...— деді шешем күлімсіреп, мені мезгеп.

Әкем танырқаған бойы маған қарады.

Мен көңілдене отырып, болған оқиғаны бастан аяқ түгел айттым. Әкем балықты жей отырып тыңдады әңгімемді.

Біраздан соң отырған әкемнің иығына қолымды салдым да, бетіне қарап:

— Әке,— дедім. Ол балық жегенін тоқтатып, маған қарады.— Мен мылтық ата алам ба әкем?

— Ата алатын болыпсың, қарағым,— деді ол жай ғана.

— Ендеше мына шортан алғашқы аңшылығымның олжасы ретінде сізге тартуым. Маған мылтық әперіңіз, мен де сіздей аңшы боламын,— дедім іркілмей.

— Өзін біл, қалқам, тілегенің мылтық болса, оны әперейін.

Көп ұзамай, мен де бір мылтыққа ие болдым. Міне, әрі мазасыз, әрі қызықты аңшылықтың сонына мен осыдан бастап түскен едім.

Ш. Рақымбеков.

## „Қазақ ертегілері“

Қазақ халқы ертегі, аңыздарға өте бай. Сендер бас қосып отыра қалғанда, батырлар туралы, ақылгөй, ардагер адамдар жайында, айлалы түлкі, азулы арыстан жөнінде, қаһарлы ханды қарапайым қойшының қалай жеңгенін баяндайтын ертегілерді жиі естіген боларсыңдар. Міне, осындай сан түрлі оқиғалы, қызықты ертегілерді Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жеке жинақ етіп басып шығарды. Олардың ішінде туа қалып ай сайын емес, күн сайын өскен, алты күнде күлген, алпыс күнде жүрген, алты жылда алып жігіт болып, алысқан адамды алып ұрған, арқар мен киікті көзінен атып тигізетін Кендебай туралы ертегі бар.

Кендебай—қырық жамаулы құрым үйлі кедейдің баласы. Жастайынан жарлы-жалшылардың мүддесін ойлап, тапқан-таянғандарын ортаға салып өседі.

Кендебайда Керқұла ат болады. Кендебай осы атпен қырдың аржағындағы құланға көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстап ұрып жығады екен. Кендебайдың өзіне аты сай болғандықтан, жұрт Керқұла атты Кендебай деп кетеді.

Кітапта бұдан басқа да көптеген қызықты ертегілер бар. Олар хиял-ғажайып ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері, аңыз ертегілер, Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр туралы ертегілер болып жетіге бөлінеді.

Тұрмыс-салт ертегілерінің ішінде «Тоғыз Тоңқылдақ, бір Шіңкілдек», «Қаңбақ шал», «Ұр тоқпақ», «Айлалы тазша», «Тазшаның қырық өтірігі» сияқты күлдіргі ертегілер бар.

Тазша бала қаһарлы хан алдында қаймықпай өтірік өлеңді былайша шебер құрастырады.

Баласы қасқа айғырдың бөлтірік-ті.  
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті.  
Мың кісі бір тышқанға мінгескенде,  
Апыр-ай, бәрін тулап өлтіріпті.  
Биені қымыз іштім мұзға байлап,  
Тышқанды жауыр қылдым үш жыл айдап.  
Қырық тоғыз мүшелімде әкем туып,  
Жүгірдім қуанғаннан алақайлап...

Сондай-ақ, бұл жинақтан Қорқыт туралы аңыз-әңгіме оқисыңдар.

Кітап қазақтың көркем өрнектерімен нақышталған. Кітап арасында үлкен-үлкен бояулы суреттер бар.

Ә. Дүйсенбиев.



# ЖАС ӨСПІРІМ ПИОНЕРДІН САТЫЛАРЫ

29—30 июль күндері Москвада ВЛКСМ Орталық Комитетінің II пленумы болды. Пленум В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының Бүкілодақтық Орталық Советі ұсынған пионерлерге арналған білім мен дағдының үлгі тізбегін («Жас пионерлердің сатыларын») қабылдады.

Орталық совет пионерлер үшін үш саты белгіледі.

Бірінші сатыға III—IV кластардың оқушылары, екінші сатыға V—VI кластардың оқушылары, үшінші сатыға VII—VIII кластардың оқушылары кіреді.

## Біліп ал!

Бірінші сатыдағы пионерлер совет халқы жыл сайын 23 февральді, 8 мартты, 22 апрельді, 1—2 майды, 9 майды, 7—8 ноябрьді, 5 декабрьді не үшін үлкен мереке есебінде атап өтетінін және басқа көптеген жайларды білуге тиіс.

Біз төменде осы туралы әңгімелейміз.

Я, балалар, жоғарыда аталған даңқты күндерді сендер ата-аналарыңмен бірге талай рет мерекеледіңдер. Енді сол күндерді бүкіл совет халқы не үшін ерекше атап өтетінін жете біліп алыңдар.

23 февраль күні сендердің әрқайсың-ақ Совет Армиясы қатарында қызмет атқарып жүрген ағаларыңды армия күнімен құттықтап телеграмма саласыңдар. Мектепте армия күніне арнап фото-монтаж жасайсыңдар. Қабырға газет шығарасыңдар. Салтанатты жиылыстан кейін жауынгерлерге арналып шығарылған әндерді шырқайсыңдар. Тақпақ айтасыңдар.

1918 жылы 23 февральда Қызыл Армия Нарва мен Псков түбінде тұңғыш рет неміс басқыншыларына қирата соққы берді. Сол күн Совет қарулы күштерінің құрылған күні болып жыл сайын тойланып келеді.

Жыл сайын қар еріген кезде көктемнің қырга жаңа қылтиған бәйшешегін сендер аналарыңа, апақарындастарыңа сыйлайсыңдар. Оларды әйелдер күні 8 мартпен құттықтайсыңдар. Бұл күннің де өз алдына тойлану тарихы бар.

1910 жылы Копенгаген қаласында социалист әйелдердің халықаралық екінші конференциясы болып өтті. Осы конференцияда халықаралық коммунистік қозғалыстың көрнекті қайраткері Клара Цеткин 8 март күнін халықаралық әйелдер күні ретінде жыл сайын мерекеленетін болсын деп ұсыныс жасады. Ұсынысты конференция делегаттары бір ауыздан қабылдады.

1911 жылы Германияда, Австрияда, Швейцарияда, Данияда тұңғыш рет 8 март әйелдер күні ретінде мерекеленді.

Ал, Россияда 8 март Петербург қаласында 1913 жылдан бастап мерекеленді. Рас, бұл кездерде қолына ту алып көшеге шыққан әйелдерді полицейскілер атып, түрмеге жапты. Тек қана Ұлы Октябрь Социалистік революциясы ғана біздің елде әйелдер күнін нағыз салтанатты мерекеге айналдыруға мүмкіндік туғызды.

Балалар! 22 апрель күні де совет халқымен бірге бүкіл прогресшіл адамзат қызу мерекелейді. Бұл күн — адамзаттың кемеңгері, совет халқының ұлы көсемі, біздің сүйікті ағамыз В. И. Лениннің туған күні. Бұл күнде біздің Отанымызға Ильич идеясындай жарқын көктем келеді. Көңілді көктем басталады.

Ұлы адамның туған күнінен кейін көп өтпей-ақ бүкіл дүниежүзінің прогресшіл азаматтары 1 Майды мейрамдайды. Бұл күннің өз алдына үлкен тарихы бар. Бұдан көп жыл бұрын 1886 жылы Америка Құрама Штаттарының жұмысшылары ашаршылыққа қарсы ереуілге шықты. Ереуіл Американың үлкен қаласы — Чикагода өте күшті болды. Осыдан үш жыл өткен соң, 1889 жылы, әр ел жұмысшыларының өкілдері Париж қаласына жиналып, еңбекшілердің ереуілдерімен қыр көрсетулерін дүние жүзінде бір күнде өткізіп тұруға қаулы алды. Ол күн — Чикаго жұмысшыларының ереуіл бастаған күні 1 Май күні болып белгіленді. Жұмысшылар халықаралық 1 Май демонстрациясына тұңғыш рет ұйымдасқан түрде 1890 жылы шықты. Сонан бері қарай 1—2 май күндері үздіксіз мейрамдалып келеді.

Ал, 9 май күні төрт жыл жанталасып соғысқан гитлер армиясы совет қарулы күшінің алдында тізе бүкті. Совет халқы Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Демек, 9 май жеңіс күні ретінде мерекеленеді.

7—8 ноябрь — еліміздегі ең үлкен мерекелердің бірі. Бұл күндерде бүкіл халқымыз қолдарына қызыл ту ұстап, көшелерге демонстрацияға шығады. 1917 жылы осы күндерде пролетариаттың ұлы көсемі В. И. Лениннің басқаруымен Россия жұмысшы табы қысқы сарайды басып алды. Патшаның сілімтігі Уақытша өкімет Аврора үнінен зәресі ұшып, өкіметті советтерге берді. Адам баласы талай ғасыр армандаған социализм гүлі Россияда шешек атты. Тұңғыш рет жұмысшы-шаруа үкіметі — Советтер үкіметі құрылды.

Ал, 1936 жылы 5 декабрьде Советтердің төтенше 8-съезі СССР Конституциясының жобасын қабылдады. Әділ заң жасалды.

Бұл күнді де халқымызбен бірге мектеп оқушылары зор қуанышпен мерекелейді.

Совет Одағының гимні мен өз республикасының гимнін әр пионер әнмен айта білуге тиіс.

Гимн — салтанатты өлең [ән] деген сөз. Ол салтанатты жиындарда, саяси демонстрацияларда, мемлекеттік ерекше қабылдауларда, әскери парадтарда орындалады. Советтер Одағының мемлекеттік гимнінің сөзін ақын С. В. Михалков пен Эль-Регистан музыкасын А. В. Александров жазды.

Қазақ ССР-ның мемлекеттік гимнінің сөзін Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Қ. Мұхамедханов жолдастар бірігіп жазды. Ал, музыкасын И. Төлебаев пен Е. Брусиловский жазды.

Балалар! Сендердей күнінде ерлік істеген Павлик Морозов, Валентин Котик сияқты пионерлердің ерліктерін олар жайлы жазылған кітаптардан оқып біліп алыңдар!



## НАЙЗАҒАЙДЫ БАҒЫНДЫРҒАН АДАМ

Қабыш пен Нығымет бір күні өздеріне көрші тұратын Сәулебек деген ғалымның үйіне қонаққа барды. Ғалым аса бір әңгімешіл адам екен. Ол кісі өзінің кішкентай қонақтарына ғылым дүниесінің мол сырларынан әңгіме айта жүріп, маңдайшасында «Шеберхана» деген жазуы бар үлкен бір бөлмеге ертіп әкелді. Сөйтті де, оларға зал түкпіріндегі шынылы шкафтан қоңыр мұқабалы көнетоз бір кітап алып беріп:

— Мынау мен мектепте оқып жүрген кезде пайдаланылған физика оқу құралы еді,— деді де, біраз уақыт кітап беттерін аударыстырып қарап тұрып, дауыстап оқи бастады:

«Су құйылған ағаш бөшкеге мылтық оғы тигенде қандай құбылыс болуы мүмкін? Оқ бөшкені тесіп өтіп, су сол тесіктен ағып кете ме, қайтеді? Жоқ, бұл құбылыс болмайды. Оқ тиген сәтте бөшке қақ айрылып, күл-талқаны шығып аспанға атылады...»

Сәулебек ғалым кітапты жапты да, кішкене қонақтарына қарады. Олар үнсіз тұр.

— Неге үндемейсіңдер, түсінбедіңдер, ә?,— деп сұрап алды да, өзінің сөзін әрі қарай жалғады,— су сығылмайтын сұйық. Оны сендер білесіңдер. Мылтық оғы өзінің зор ұшу жылдамдығымен су қабатынан өткенде, тез арада үлкен қысым күшін тудырады. Ал, қысым қаншалықты қуатты екені де сендерге белгілі. Ендеше, бөшкені қақ жаратын оқ емес, сол қысым күші болғаны. Міне, менің найзағай күшін бағындыруым осыған негізделген.

Осы кезде лаборантка қыз ішіне су құйылған тарелка алып келді. Сәулебек ғалым шкафтан изоляциялы қос сым қиығын алды да, оның бір жақ ұшын ток жүйесіне қосты. Ал, екінші қос ұшын тарелкадағы суға батырды. Сонан соң сым ұштарын өзара бір-біріне жақындастырып еді, көк жасыл ұшқын сырт-сырт етіп дыбыстап, бір жоғалып, бір көрініп тарелка ішінде ойнап тұра берді.

Ғалым сым ұштарын тарелка түбіне батыра түсті. Дыбыс үні де, жарқыл жиілігі де сәл үдегендей болды. Сым ұштары тағы тереңірек батырылды. Енді не болмақ?... Екі дос тыныссыз тесіле қарап, сабырсыздана, тарелкаға жақындай түсті. Кенет құлақ тұндырар зор үн, кәдімгі аспан найзағайындай жарқылмен шарт ете қалды. Тарелкадағы су фонтанша жоғары атылды.

Екі дос бірдей селк ете түсіп, теріс айналды.

Ғалым қарқылдап күліп, өз орнында тұр. Қолында сым қиындылары бар.

— Қорқақ екенсіңдер ғой, өздерің,— деп екеуін мазақтап алды да, қақ бөлінген тарелка сынығын көрсетті.

— Міне, осы көргендерің жаңағы кітапта жазылғандай, найзағай кереметінің суға тигізетін бір әсері,— деді жадырап.

Мұнан соң ғалым балаларға шеберханадағы басқа аспап, құралдарды көрсетіп, олардың жұмыс істеу тәртіптерін баяндап берді. Бәрінде де қолдан жасалған найзағай жұмыс істеп тұр. Ақырында, шеберханамен танысу аяқталды. Олар кері оралып келе жатқанда, босағада сыпырынды тұратын шелекті көріп, Сәулебек ғалым бөгеліп қалды. Шелек іші металл жонындысына толы екен.

— Үй сыпырушының ұқыпсызы-ай, мынаны төге салмай,— деп ғалым кейіді де, шелекке өзі су

құйып, әлгінде кішкене қонақтарына көрсеткен найзағай ұшқыны алынатын тор ішіне алып барды.

Іле-шала тор ішінен әлсіз сытырлаған үн естілді. Нығымет көргеніне қызыққаны сондай, есік аузында бақылап тұруға шыдамы жетпеді де, тор қасына жетіп барды. Қабыш орнында қалғанымен, тор ішінде не болып жатқанын түсіне алмай, дегбірсіздене бастады. «Әйтеуір, қазір бір кереметтің куәсі боламыз» — деп ойлады ол ішінен.



Біраздан соң, ғалым ток айырғышты ашты. Тор ішінен шелекті алды да, Нығыметке берді. Ол шелекті жеңіл көтеріп, су кранының астындағы астаушаға апарып, ішіндегісін, ғалымның айтуымен, төге бастады. Қабыш жүгіріп Нығыметтің қасына барды.

Шелектен құйылып жатқан—қоңырқай түсті кәдімгі су. Қабыш су ағысына қолын тосып еді, жайдағыдан сәл қоймалжындау екен. Бір қызығы су ішінде бірде-бір қатты түйіршік байқалмады.

Сәулебек ғалым жақын келіп, Қабыштың шашынан сипады да:

— Немене, таңданып тұрмысың? Бағындырылған найзағай ашуланды да, тепкілеп-тепкілеп жаңағы металл жонындыларын ұсақтап үгіп, сумен қосып, коллоид қоспа жасады.

Екі дос Сәулебек ғалымның шеберханасындағы саяхаттарына қатты риза болып, үйлеріне көңілді оралды.

Медеу Сәрсекеев.

Еңбек қуанышы.

— Ағай, уақытыңыз қанша болды?

Ұзын бойлы, аққұбаша жігіт бір қолындағы тор қалтасын екінші қолына ауыстырып жалма-жан уақытты айтты.

— Уақыт төрт жарым. Ақша алуға енді бір жарым сағат қалды.

— Володя, сен осы ақшаға не алмақсың? — деді Петя.

Кезекті жауапты күтпей-ақ кішкене Коля:

— Мен бар ғой а, кәзір ақшаны алысымен балмұздақтың екеуін соғып аламын, — деді.

— Ал, мен — бірінші ақшама мамама сыйлық әперемін, — деді Петя маңғазданып. Балалар әңгімемен тұрып, құрылыс бригадирі Андрей Бузиктің өздерінің қасына келіп қалғанын байқампты.

— Міне, азаматтар, сендер тіпті өз уақыттарыңнан артық істеп жатырсыңдар ғой. Енді ақшаларыңды алуға барыңдар, — деді бригадир.

Аркадир үйіне жүгіріп келген бойда ентігін баса алмай тұрып:

— Мә, мама, бұл менің бір айлық еңбек ақым! — деп қағазға ораған ақшаны ұстата берді. Мамасы баласының екі бетінен алма кезек сүйіп:

— Шырағым-ау, өзің жұмыстан шықтың, осынша жүгіріп шаршадың ғой тіпті, кішкене демалшы, — деп Аркадирді жанына отырғызды. Аркаша жуынып, шайынып тамаққа отырды...

— Менің Аркадирім 400 сом алыпты! Мен оған өзінің тұңғыш табысына ескерткіш ретінде велосипед әпермекпін!

— Ал, біздің Коля да соншама тапқан екен. Ол тіпті «Мама, алғашқы табысыма сен көйлек алып ки» деп болатын емес!

— Балалардың ержетіп, қолғанат болғаны ғой. Мен Володяның табысына өзіне мектеп формасын алып берейін деп едім, — деп аналар балалардың табысына масаттанып, есік алдында сәкі үстінде ұзақ әңгімеге кірісті. Олардың бүгінгі әңгімесі өздерінің балаларының алғашқы еңбек ақысы жайлы болды. Алматыдағы № 53 мектеп оқушылары Владимир Перепенко 7-класта, Евгений Дягилев 6-класта, Понтилуc Николай, Аркадир Антонов 5-класта оқиды. Бұлар өздері үшін салынып жатқан № 69 мектеп құрылысында жазда жұмыс істеді. Сөйтіп, құрылысшыларға жазғы демалыстарында қолғабыс тигізді. Бұлар өздерінің жазғы демалыстағы істеген жұмыстары туралы кластас достарына мақтанышпен әңгіме айтып берді.

**Б. Жұматаев.**

Мұқабаның бірінші бетіндегі В. Васильевтің «Комсомолға 40 жыл» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 25/IX—1958 г. УГО4452, 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub> —0,75 бум. 2,46 п. л.  
Тираж 33894 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1818

962988

## Сен білесің бе?

Ерте замандағы балықтар жүзуді білмеген, олар су түбінде бауырымен жорғалап жүрген.

\*\*\*

Торғайдың мойын омыртқасы жирафтың мойын омыртқасына қарағанда екі есе көп болады.

## ЕЛУ ТІЛДЕ БАСАТЫН МАШИНКА

Мұндай машинка Америкада шығарылған. Бұл машинкамен орыс, араб, бирма, индо-қытай, парсы, урду, малай т. б. тілдердегі сөздерді басуға болады. Машинканың алфавитін басқа алфавитпен оп-онай, ауыстыруға болады. Бұл машинкада кейбір елдердің тілдерінде сөздің оңнан солға қарай жазылатыны да ескерілген. Бұл машинкамен жұмыс істеу өте оңай. Басқа ұлттың тілін білмей-ақ сол тілде жазылған сөздерді басуға болады. Ол үшін сол тілді білетін адам әр әріпті белгілі бір цифрмен белгілеп береді. Осы әдіс бойынша қандай тілде болса да басу қиын емес.

\*\*\*

Венгрияның Шван деп аталатын заводы жақында сынбайтын мықты қарындаш шығара бастады. Бұл қарындашпен фотокарточкаға, әйнекке, ағашқа, жазық пластмасса мен темірге, целлулоидаға жазуға болады. Мұндай қарындашпен жазылған жазу анық көрінеді. Қарындаштың өткір ұшы сынбайды және ол оп-оңай ұшталады.


## ПЛАСТМАССАДАН ЖАСАЛҒАН САҒАТ

Сағатты, механизмімен қоса, кілең пластмассадан жасауға бола ма? Әрине, болады. Мұндай сағат Герман Демократиялық Республикасында жасалған. Пластмассадан жасалған сағат алты жылдан бері бір рет те тоқтаған емес, жақсы, дәл жүреді.

## ПЛАСТМАССАДАН ЖАСАЛҒАН ТЕЛЕГРАФ БАҒАНАСЫ

Жақында шетелдерде кәдімгі ағаштан жасалған телеграф бағаналарының орнына пластмассадан жасалған бағаналар қолданыла бастады. Бұл бағананың салмағы 68 килограмм. Ол ағаш бағанаға қарағанда 4 есе жеңіл.

## КРОССВОРД



### Тігінен:

1. Советтер Одағының батыры. 2. «Жас гвардия» романының басты кейіпкерлерінің бірі. 3. Батыр комсомолец. 4. Краснодондағы неміс басқыншыларына қарсы күрескен астыртын жастар ұйымының комиссары. 5. Жазушы Фадеевтің романы. 7. Батыр пионер.

### Көлденеңінен:

6. Орыстың батыр қызы. 8. Ақын Степан Шипачевтің поэмасындағы басты кейіпкер. 9. Н. Островскийдің романының басты кейіпкері. 10. Қазақтың батыр қызы.

**Құрастырған: Р. Момбекова.**

Алматы қаласы, 36-мектеп.

## „Пионер“ журналының 7-санындағы жұмбақтардың жауаптары

Е. Скендіровтың жұмбақтарының жауаптары:  
1. Көленке. 2. Шана. 3. Жел. 4. Балапан. 5. Қаңбақ. 6. Жол.

М. Жаманбалиновтың жұмбақтарының жауаптары:  
1. Көзілдірік. 2. Пима киген екі аяқ. 3. Қияр. 4. Өрмекші.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:  
Л. Исманлов, Т. Тілеубергенов (Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы), С. Бертаев (Қызылорда қаласы), С. Тілегенов (Ақтөбе облысы, Темір ауданы), Е. Дүйсенбаев (Алматы облысы, Балқаш ауданы), К. Исаков (Ташкент қаласы).

